

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Білім алушылардың білім сапасы оқытудың үш сатысында балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланады:

- ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау;
- қорытынды бақылау.

Ағымдағы бақылау – бұл пәннің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес академиялық кезең ішінде оқытушымен жүргізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

Ағымдағы үлгерім бағасы рұқсат беру рейтингінің 1-ші және 2-ші бағаларының орташа мәнінен құралады (РД 1 және РД 2), олардың әрқайсысы барынша 100 балмен бағаланады.

Пән бойынша пайыздық мазмұндағы қорытынды баға келесі формула бойынша анықталады:

$$И\% = \frac{РД_1 + РД_2}{2} * 0,6 + Э * 0,4$$

где:

РД 1 – рұқсат беру рейтингінің 1-пайыздық мазмұны;

РД 2 – рұқсат беру рейтингінің 2-пайыздық бағалау мазмұны;

Э – емтихан бағасының пайыздық мазмұны.

Аралық бақылау – бұл оқу барысында жинаған балл жиынтығы. АтМГУ - де академиялық күнтізбеге сәйкес аралық бақылау бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде екі рет (теориялық оқытудың 7-ші және 15-ші апталарында) жүргізіледі және 100-балдық шкала бойынша қойылатын 1-аралық бақылау (РК1) және 2-аралық бақылау (РК2) балдары түрінде қойылады. Әрбір аралық бақылау бойынша бағалау білім алушының бағаланатын кезеңде алған ағымдағы бағаларынан құралады. РК1 (РК2) үшін ең жоғары балл – 100 балл.

Рұқсат беру рейтингісін бағалау жинақтаушы сипатқа ие және үлгерімді ағымдағы бақылау бағалары мен аралық бақылауды бағалаудан тұрады (семестр бойы 2 аралық бақылау).

Қорытынды бақылау – емтихан сессиясы кезінде пәнді оқу аяқталғаннан кейін жүргізілетін білім алушының оқу жетістіктерін бақылау. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар, кему шамасына қарай, "А" дан "D" дейін, және "қанағаттанарлықсыз" – "FX", "F",) және дәстүрлі жүйе бойынша бағалаулар.

"FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда білім алушы оқу пәнінің/модуль бағдарламасының қайта өтуінсіз қорытынды бақылауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар. "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда білім алушы осы

оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі. Барлық қайта тапсыруға білім алушыға ақылы негізде рұқсат етіледі, төлем тек емтихан үшін ғана алынады, өйткені оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігі бар.

Емтихан сессияларының қорытындысы бойынша (қысқы, көктемгі және жазғы сессиялардың нәтижелері) офис регистратор курсы бойынша GPA – ауысу балын білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа алынған бағасы ретінде есептейді.

Білімді бағалау жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдың сандық баламасы (GPA)	Балл (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	